






# «ЖЗШ-ДАН ҚАТЕ ЕСЕПТЕЛГЕН ЕЗЖ СОМАЛАРЫН ҚАЙТАРУҒА АРНАЛҒАН ӨТІНІШ БЕРУ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТІН ПАЙДАЛАНУШЫҒА ЖАДЫНАМА

Алматы, 2026 жыл



«ЖЗШ-дан қате есептелген ЕЗЖ сомаларын қайтаруға арналған өтініш» электрондық қызметін (бұдан әрі - Қызмет) мынадай шарттар болған кезде пайдалануға болады:

-  егер ЕЗЖ есепке алу бойынша жасалған жарна қате жүргізілсе (дұрыс емес деректемелер, қайталанатын төлемдер және т. б.)
-  өтініш берушіде электрондық цифрлық қолтаңбаның (бұдан әрі – ЭЦҚ) өзекті кілті **болған кезде**
-  БЖЗҚ-ның интернет-ресурсында жеке кабинетте **авторлану**

 Берілген өтініштің мәртебесін келесі қосымша бетте тексеруге болады:



Менің төлемдер / аударымдар туралы өтініштерім / ЕЗЖ қайтару



*Қате есептелген ЕЗЖ сомасын қайтару төлем жүргізілген деректемелерге жүзеге асырылады*



Техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты БЖЗҚ интернет-ресурсының және (немесе) «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқор сервисінің (бұдан әрі – ЖТ МДҚ) жұмысындағы үзілістерді қоспағанда, қызмет өтініш берушіге тәулік бойы қолжетімді

«Жеке кабинет» бөлімінің бастапқы беті өтініш берушіге келесі тәсілдермен авторлану мүмкіндігін береді:



ЭЦҚ кілтінің көмегімен



логин (ЖСН) және парольдің көмегімен



eGov mobile көмегімен

«Жеке кабинетте» авторлану тәртібімен «БЖЗҚ» АҚ-ның интернет-ресурсында: Электрондық қызметтер/Жадынамалар, электрондық қызметтер стандарттары (пайдаланушы нұсқаулықтары)/ «Жеке кабинет» пайдаланушысының жадынамасы бөлімінде танысуға болады

## ӨТІНІШТІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НЫСАНЫН ТОЛТЫРУ



БЖЗҚ сайтында авторланғаннан кейін Жеке кабинетте «Қызметтер» бөлімінде «ЖЗШ-дан қате есептелген ЕЗЖ сомаларын қайтаруға арналған өтініш беру» қосымша бетіне өту керек

ЖЗШ-дан қате есептелген ЕЗЖ сомаларын қайтаруға өтініш беру

1 2

ЖЗШ-дан қате есептелген ЕЗЖ сомаларын қайтаруға өтініш

<input type="checkbox"/>	Төлем тапсырмасының №	Күні	Қолжетімді сома	Қайтарылатын сома
<input checked="" type="checkbox"/>	49756052	12.06.2026	500	500

Жиынтық қайтару сомасы: 0

Бенефициар ТАӘ: Иванов Иван Иванович

Бенефициар ЖСН: 00000000000

Төлем валютасы: KZT

Шотты таңдау

ЭЦҚ-мен қол қою QR-мен қол қою

Қажетті Төлем тапсырмасын белгілеу қажет ✓



Төлем нөмірін, төлем күнін, қайтару үшін қолжетімді соманы тексеру керек  
*(қайтару сомасы автоматты түрде толтырылады)*

# ӨТІНІШТІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НЫСАНЫН ТОЛТЫРУ

1 2

ЖЗШ-дан қате есептелген ЕЗЖ сомаларын қайтаруға өтініш

<input checked="" type="checkbox"/>	Төлем тапсырмасының №	Күні	Қолжетімді сома	Қайтарылатын сома
<input checked="" type="checkbox"/>	49756052	12.06.2026	500	500

Жиналтық қайтару сомасы: 500

Бенефицирлар ТАӘ: Иванов Иван Иванович

Бенефицирлар ЖСН: 000000000000

Шотты таңдау: Карточкалық

Төлем валютасы: KZT

Банк БСК: CASPKZKA

Банк БСН: 971240001315

Банк атауы: АО "KASPI BANK"

Филиал/бөлімше атауы: АО "KASPI BANK"

Банк ЖСН/IBAN: KZ397225000000680371

Алушы ЖСН/IBAN: KZT

алушының IBAN шоты 20 таңбадан тұрады

Банк мәліметтерін тексеру


ЭЦҚ-мен қол қою QR-мен қол қою

Төлем тапсырмасын таңдағаннан кейін IBAN-нан басқа банктік деректемелер *автоматты түрде* толтырылады



Қате есептелген соманы қайтару төлем жүргізілген деректемелерге жүзеге асырылады

Есепке жазу үшін өзіңіздің IBAN (20 таңба) деректемелерін енгізіңіз. Толтырғаннан кейін көрсетілген банктік деректемелердің дұрыстығын тексеріп, **Проверить банковские реквизиты** батырмасын басу қажет




Верификациялау нәтижесі оң болған жағдайда тиісті хабарлама шығады

## ӨТІНІШТІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НЫСАНЫНА ҚОЛ ҚОЮ


### Өтінішке қол қою



Өтінішті толтырғаннан кейін **ҚОЛ ҚОЮ** тәсілін таңдау қажет:



«**ЭЦҚ-МЕН ҚОЛ ҚОЮ**» тәсілін таңдағанда «Сертификатты таңдау» батырмасын таңдау қажет, бұл батырма **міндетті түрде** толтырылуы тиіс барлық жолдарды толтыру кезінде белсенді болады




«ЭЦҚ-мен қол қою» тәсілін таңдау кезінде дербес компьютерде орнатылған (іске қосылған) NCALayer бағдарламалық қамтамасыз етуінің (бұдан әрі – БҚ) болуы міндетті.

**NCALayer БҚ орнатылмаған жағдайда, NCALayer БҚ орнату файлын жүктеу қажет. NCALayer БҚ орнату бойынша пайдаланушы нұсқаулығы ҚР Ұлттық куәландырушы орталығының сайтында келесі: <https://pki.gov.kz/ncalayer/> сілтемесі бойынша қолжетімді.**

Егер ЭЦҚ кілті пайдаланушының компьютерінде файл түрінде болса (**GOST** файл сертификаты деп аталады), онда «Сіздің компьютеріңіз» тармағын таңдағаннан кейін файлды таңдау диалогтық терезесін ашып, осы файлға жолды көрсету керек.



## Өтінішке қол қою



 «QR кодымен қол қою» тәсілін таңдау кезінде толық қадамдық нұсқаулық және өтінішке қол қою үшін QR коды шығады

QR қол қою

QR-код арқылы қол қою үшін eGov Mobile қосымшасын ашу қажет


Егер eGov Mobile қосымшаңыз жоқ болса, оны ресми сілтеме бойынша орнатыңыз


 

1. Құрылғыңызда орнатылған eGov Mobile ашыңыз

2. Басты беттің жоғарғы оң бұрышындағы QR сканерін ашыңыз



3. Кодты оқу үшін телефонның камерасын сол QR-ға беттеңіз



Бұл қол қою тәсілі **eGov mobile** интеграциясы негізінде жүзеге асырылады, сондықтан өтініш беруші бұл қосымшаны ұялы телефонына орнатып, авторлануы керек. **«QR-мен қол қою»** батырмасын басқаннан кейін Қор серверіне сілтемені қамтитын QR-код жасалады. Бұл QR кодын **eGov mobile** мобильді қосымшасының көмегімен сканерлеу керек, оның жоғарғы оң жақ бұрышында QR кодтарын оқуға арналған белгі бар.

QR кодты сканерлегеннен кейін қол қойылатын құжатты көрсететін терезе ашылады. Әрі қарай, **«Қол қою»** батырмасын басу арқылы пайдаланушы құжатқа қол қоюды аяқтауы керек. Нәтижесінде **«Қол қою сәтті аяқталды»** деген хабарлама шығуы керек.



**Рақмет!**

